bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ**

# "Мәдениет тарихы."

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 01.03.2019 | https://bilimger.kz/53541/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Пән: қазақ тілі** | | **Мектеп: ОРМИИК** | |
| **Күні: 16.10** | | **Мұғалімнің аты-жөні: Утебалиева С.К.** | |
| **Сынып:** 8-сынып | | **Қатысқандар: 14** | **Қатыспағандар:2** |
| **Бөлім атауы:** | **Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Фонетика.** | | |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Мәдениет тарихы.** | | |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **8.3.1.1 Тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру** | | |
| **Сабақтың мақсаттары** | Оқушылар тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құруға үйренуі тиіс. | | |
| **Бағалау критерийлері** | — тақырып бойынша материал жинақтай алады;<br>— тезистік жоспар құрастыра алады. | | |
| **Құндылықтар** | Құрмет, отансүйгіштік, үздіксіз білім алу. | | |
| **АКТ қолдануы** | Интерактивті тақта арқылы слайд-презентация ёпайдаланылады. | | |
| **Тілдік мақсаттар** | Тіл және мәдениет. | | |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. | | |
| **Жоспар** | | | |
| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | | **Дереккөздер** |
| Сабақтың басы<br>2 мин | Ұйымдастыру кезеңі.<br>**Жағымды психологиялық орта туғызу.**<br>**«Жылы жүрек».** Білім қолдарын жүректеріне қойып, бір-біріне немесе бүкіл сыныпқа жақсы тілек айтады.<br>Сабақтың оқу мақсаты мен бағалау критерийлері түсіндіріледі. | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **Оқылым алды кезеңі.**<br>Суреттер бойынша тақырыпты анықтау.<br>Осы сабақтың оқу мақсаттары айту<br>**Оқылым кезеңдегі  тапсырма.**<br>**48 беттегі «Ұлы Жібек жолы»** атты мәтінді оқып, тезистік жоспар құрастырасыңдар.<br>МЫСАЛЫ:<br>1.Жібек жолының пайда болу тарихы<br>2.Жібек жолының бағыттары<br>3.Ұлы Жібек жолының Қазақстандағы сілемдері<br>4.Тауар тасымалы. Мәдениет пен діннің таралуы.<br>5. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар<br>6. Жібек жолының әлеуметтік-экономикалық маңызы<br><br>**ҚБ. «Бас бармақ»**<br><br>**Оқылым кейінгі  тапсырма.**<br>**1.Мәтіннің ең басты мәселені, стилін  анықтаңдар.**<br>**2.Белгілі бір стильде жазылғанына 3 дәлел келтіріңдер.**<br>**ҚБ. «Қолпаштау»**<br><br>**Жазылым.**<br>**Мәтіннен  тірек сөздер жазыңдар.**<br>**Тірек сөздерге қатысты 4 ашық сұрақ құрастырыңыздар.**<br>Бұл сұрақтар «неге», «қалай», «не үшін», «Сіз қалай ойлайсыз», «...туралы не ойлайсыз»?» т.б. сөздерден басталады<br>«Ашық» сұраққа берілетін жауаптың саны белгісіз. Сонымен қатар бұл сұрақ жауап берушіден өз пікірі мен көзқарасын білдіргенін көздейді, адамнан түсініктеме беруді, ойлануды талап етеді. | Презентация |
| Сабақтың соңы<br>3 минут | **Кері байланыс. «Табыс баспалдағы»**<br>**Аты-жөні: ________________________**<br><br>***Үйге тапсырма: 5- тапсырма 49 бет***<br>**«Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет»**<br>100-120 сөз көлемінде аргументативті эссе  жазып келу | Қима<br>қағаздар |
| | | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.